



2019 жылдын 24 қазаны күні сағат 15.00-де С.Жиенбаев атындағы облыстық жасоспірімдер кітапханасы «Коворкинг» орталығында Ақтөбелік акын-жазушылардың қатысуымен «Әдебиет және каламгер» атты дөнгелек үстел өткізді.

Дөнгелек үстелге «Адырна» журналының редакторы, акын Мейірхан Ақдәулетұлы, акын, акын Бауыржан Бабажанұлы, сатирик-жазушы Торежан Мәндібай, акын Нұрлыбек Қалауов, акын Гүлімай Әбішқызы, акын Талгат Тілеулес, «КЕРЕК.info» газетінің редакторы, акын Индира Кереева бастаған каламгерлер, С.Жиенбаев атындағы облыстық жасоспірімдер кітапханасының директоры, акын Қалдина Гүлжайнар Нәренқызы, т.б жергілікті акын-жазушылар мен кітапханашылар, БАК өкілдері қатысты. Дөнгелек үстелдің мақсаты: акын-жазушылардың алға қойған жоспарлары талқыланып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген әдеби шығармашылық жобалар жөнінде және «Әдебиет үйі» бағыты бойынша салынатын үй туралы ой болысу.

Дөнгелек үстелді С.Жиенбаев атындағы облыстық жасоспірімдер кітапханасының директоры, акын Гүлжайнар Нәренқызы жүргізді. Облыс әкімінің қолдауымен «Ақтөбе кітапханасы» сериясымен 50 томдық Ақтөбе акын-жазушыларының кітаптары жарық көрді. Дөнгелек үстелде акын-жазушылар өздерінің жоспарлары мен жобалары жөнінде ой болісіп, жастардың шығармашылығы жайында әңгіме қозғады. Сондай-ақ «Ақтөбе кітапханасы» сериясымен жарыққа шыққан кітаптарды талқылап, әдебиетте айтылуы тиіс бола тұра, қозғалмай жатқан тақырыптар бар ма? Жана заманның акын-жазушысы қандай болуы тиіс? деген сияқты сауалдарға өз ой-пікірлерін білдірді. Шара барысында «Ақтөбе – қалам менің» кітап көрмесі жасалып, көмеге библиографиялық шолу жасалды. Тақырыпқа сай слайд көрсетілді.

«Әдебиет және қаламгер» атты дөнгелек үстел

Автор: Administrator
24.10.2019 00:00 -

